

**Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 124 "2018-2020 жылдарға арналған Көлтабан ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодекстің 109-1-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 - бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 124 "2018-2020 жылдарға арналған Көлтабан ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5801 санымен тіркелген, 2018 жылғы 17 қаңтарда аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "67 329,0" сандары "69 313,0" сандарымен ауыстырылсын, оның ішінде:

трансферттердің түсімдері – "63 985,0" сандары "65 969,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "67 329,0" сандары "69 313,0" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

3. "Байғанин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.